



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Құдай философиясы. Молинаның
бәрін білу және еркіндігі туралы.
Декарттың рационал теологиясы



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 20. Құдай философиясы. Молинаның бәрін білу және еркіндігі туралы. Декарттың рационал теологиясы

Адам еркіндігін адамның барлық істерін Құдайдың алдын ала көре білетіндігімен үйлестіру мәселесін Орта ғасырдың ұлы схоластарының бәрі талдады. Акуинолық Томас: «біздің не жасайтынымызды Құдай біледі, себебі біздің істеріміздің бәрін мәңгіліктің бір сәтінде көреді» деп тұжырымдады. Дунс Скотус мұндай шешім уақыт мүлдем нақты емес жағдайда ғана дұрыс деп шағымданды. Оның орнына Скотус тіршілік етушілердің әрекеттерін біледі, себебі оларды мәңгілікте өзі орналастырады деп ұсынды. Оккам мұндай білім біздің әрекеттеріміз алдын ала анықталып қойған, сондықтан еркін емес болғанда ғана адамның істерін алдын ала білуді қамтамасыз етеді деп қарсы шықты. Оның өзі мәселені шешу жолдарын ұсынбады: құдайы көріпкелдік соқыр сену үшін қажет догма ғана еді. Петр Риво құдайы бәрін білуді қабылдай отырып, болашақтағы шартты тұжырымдарда кез келген құндылықтың – ақиқаттың бар екендігін, ол тіпті Құдайға белгілі болса да, терістеп, еркіндікті сақтап қалуға талпынды; бірақ оның бұл ойы арамзалық деп бағаланып, ол шіркеуден аластатылды. Лоренцо Валла, Эразм мен Лютер еркіндік пен бәрін білушілікті үйлестіруде өздерінің алдындағы ойшылдардан асып түсе қойған жоқ. Бәрі осы тақырып туралы ойланған әрбір теолог ерте ме, кеш пе мойындайтын Паулиннің мәтініне сілтеме жасаумен шектелетін: «О, Құдай білімінің байлығы мен даналығының тереңдігі! Оның пікірлері жеткізбейді және өткен жолдарын зерттеуге әліміз келмейді!» (Rom11: 35).[1]

Мәселенің жаңа және шебер шешімін XVI ғасырдың соңында иезуит Луис Молина ұсынды. Ол Оккамның Акуинолық Томас пен Дунс Скотустың анықтамаларынан бас тартуымен келісіп, болашақ шартты тұжырымдардың ақиқаттығы туралы шіркеу ілімін қабылдады. Оның жаңалығы мынада: Құдайдың болашақты білуі Құдайы ақиқатты – шартты тұжырымның мазмұнын білумен байланысты. Құдай кез келген тіршілік етушіні кез келген жағдайда жарата алатынын біледі. Осыны және қандай тіршілік етушілерді жарататынын, оларға қандай жағдай беретінін біле отырып, ол нағыз тіршілік етушілердің не істейтінін біледі.

Молина құдайы білімнің үш түрін бөліп көрсетеді. Әуелі Құдайдың табиғи білімі, ол оның көмегімен өзінің табиғатын және не өзінің әрекеті арқылы, не еркін тіршілік етушілердің істері мүмкін болатын заттарды біледі. Бұл Құдайдың бірдеңені жарату туралы кез келген шешімінің алдында болады, яғни ол бұл Құдайдың еркін білімдері: ол белгілі бір еркін тіршілік етушілерді жарату және оларды нақты бір жағдайларда орналастыру туралы Құдайы, еркін шешімнен соң болады. Білімнің осы екі түрінің арасында Құдайдың «аралық білімі» бар: ол кез келген нәрсенің кез келген жағдайда тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Себебі аралық білім тіршілік етушілердің өзіндік гипотетикалық шешімдеріне негізделген; ол адамның автономиясын қолдайды; аралық білім Құдайдың бірдеңені жарату туралы шешіміне дейін болатындықтан, Құдайдың нақты дүние туралы бәрін білуі сақталады.

Молина «жағдайлар» немесе «оқиғалар реті» деп атағандарға философтар кейінірек «мүмкін дүниелер» деген атау берді. Сондықтан Молинаның теориясы мынадай: нақты дүниеде не болатыны туралы Құдайдың білімі оның барлық мүмкін әлемдер туралы білімі мен мүмкін дүниелердің қайсысын дүниеге әкелу қажеттігі туралы біліміне негізделеді. Адам мен Еваны жаратар алдында, Құдай Еваның жыланға, ал Адамның Еваға елігіп кететінін алдын ала білді. Оның мұны білу себебі – ол Адам мен Ева туралы бәрін білді: олардың мүмкін дүниелерде не жасай алатынының жақсы болжады. Мысалы, ол Адам жыланды Ева арқылы емес, тікелей еліктірген күнде де тыйым салынған жемісті жеп қоятынын білді. Молина шешімдерінің әлсіз тұсы – «Егер А болғанда, Б болар еді» деген алдын ала жасалған болжамдардың бәрінің ақиқат құндылықтарға ие екені. Әрине, сөйлемдердің кейбірінің, мысалы, «Егер де жылан күнге соқтығысса, адамның өмір сүруі тоқталар еді» деген пікірдің шын екені; ал басқа пікірлердің, мысалы, «Егер де ұлы пирамида алты бұрышты болса, оның он жеті қабырғасы болар еді» деген пікірдің жалған екені күмәнсіз. Бірақ осындай пікірлерге ақиқат мән бергенде біз оны логикалық немесе табиғи заңдарға сүйене отырып жасаймыз. Еркін субъектілер туралы алдын ала болжамдар жасағанда сұрақтар әртүрлі. «Әлде (А болса, онда Б болды), немесе (А болса, Б болмайды)» деген аралық тұжырымды алып тастаудың жалпы принципі жоқ.

Елизабет патшайымның сұрағына жауап бере отырып, Декарт Құдайы алдын ала білу мен адамның еркіндігінің бір-бірімен үйлесімді екенімен келісті, бұл Молинаның пікіріне ұқсас. Ол төмендегідей пайымдайды.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 20. Құдай философиясы. Молинаның бәрін білу және еркіндігі туралы. Декарттың рационал теологиясы

Айталық, король дуэльдерге тыйым салды және оның корольдігінің әртүрлі екі қаласында өмір сүретін екі азаматы ұрсысып қалған және бірі-бірін жек көретіндігі соншалық, егер де олар кездесіп қалса, төбелесуге дайын және оларды ешкім тоқтата алмайды. Егер де король осы екеуінің біріне басқасы тұрып жатқан қалаға белгілі бір күні аттануға бұйрық берсе, ал басқасына дәл сол күні біріншісі отырған жерге баруды бұйырса, олардың кездесетініне және корольдің тыйым салғанын құлақтарына ілмей, шайқасатынына сенімді; бірақ, король оларды мәжбүрлемейді және оның білетіндігі, тіпті оның еркі олардың ерікті де еркін бола отырып, басқа бір кезде, король ол туралы ештеңе білмеген кездесуі барысында, бір-бірімен шайқасына кедергі жасай алмайды. Сондықтан оларды тыйым салуды бұзғаны үшін әділ жазалауға болады. Король өзінің қол астындағылардың еркін әрекеттеріне қатысты жасайтынды Құдай барлық адамдардың барлық әрекеттеріне қатысты алғанда шексіз көрегендігі мен билігінің арқасында жасайды.

Бірақ Декарт Молина сияқты, Құдай біздің істеріміздің қандай болатынын біледі, себебі біз мүмкін дүниелерде не жасайтынымызды алдын ала көріп алған демейді; ол Құдай бізге қандай ерік беретінін және бізді қалай жайғастыратынын анықтап қойғандықтан, біздің не істейтінімізді біледі деуді жалғастыра береді. Алайда бұл пікір король туралы аңыздың мәнін жоғалтады. Дуэльге қатысушылардың тұлғаларын қалыптастырған басқа әрекеттері корольдің қалаулары мен бақылауынан тәуелсіз болғандықтан ғана король олардың ақырғы шайқасына жауапкершілікті өзінің мойнына алмайтындығы және өзінің тыйым салуын бұзғаны үшін оларды жазалау құқына ие екендігі туралы айта алады. Құдай әрбір адамның әрбір ісін дуэльге қатысушылардың ақырғы шайқасын басқарғаны сияқты қадағалап отыратын болса, онда Құдайдың күнә үшін неге жауап бермейтіндігін түсіну қиын.

Декарттың рационал теологиясы

Декарттың философиялық табиғи теологияға қосқан үлесі екі салада жинақталған. Ол әуелі жаратудың дәстүрлі концепциясын қайта жасады. Екіншіден, ол Құдайдың бар екенінің онтологиялық аргументін қайтадан қалпына келтірді. Теологтар әдетте жарату мен сақтаудың арасындағы айырмашылыққа назар аударады. Құдай әуелі жер мен көкті жаратты және олардың болмысын сақтап отыр. Алайда оның Ғаламды сақтауы жаратудың жаңа әрекеттерін туындатпайды: бір кездерде жаратылған тіршілік етушілер өздерінің өмір сүрулерін жалғастыра береді, тек оларға кедергі жасалмаса болғаны. Оларға болмыс инерциясы тән.

Декарт өзінің үшінші Пайымдауында осы пайда болу туралы сұрақ қойып, оны теріске шығарды:

«Менің өмірімнің бүкіл барысын бөліктердің шексіз санына бөлуге болады және олардың ешқайсысы басқасымен байланысты емес: сондықтан, мен жақында ғана өмір сүргенмін, яғни қазір де өмір сүруім тиіс деген қорытынды жасауға болмайды, тек қандай да бір себеп осы сәтте мені қайтадан дүниеге әкелген жағдайда болмаса».

Адамның өмірі – үздіксіз жалғасу емес, кинода қозғалыстың кадрлар тізбегінен құрылатыны сияқты, өмір де сәттерден тұрады. Осы үзіндіде Декарт айтып тұрған себеп, әрине, Құдай. Сондықтан ол үшін жарату мен сақтаудың арасында айырмашылық жоқ: әрбір сәтте мені Құдай қайта жаратып отырады. Физикада Декарт атомизмге қарсы тұрды; материя созылғандықпен бірдей, ал созылғандық шексіз бөлінетін болғандықтан, материяның бөлінбейтін бөліктерінің болуы мүмкін емес. Алайда үздіксіз жарату ілімі, шамасы, белгілі бір метафизикалық атомизммен байланысты: тарих уақыттың шексіз бөлшектерінен құрастырылады, олардың әрқайсысы өзінің ізашарлары мен ізбасарларынан мүлдем тәуелсіз.

Біз қарастырып отырған үзінді Декарт Құдайдың бар екенін өзінің ақыл-ойында Құдай идеясының пайда болуы арқылы дәлелдеген үшінші Пайымдауда келтірілген. Бірақ бесінші Пайымдауда ол Құдайдың бар екенінің басқа дәлелін ұсынады, ол Канттың дәуірінен бері «онтологиялық аргумент» деген атаумен белгілі. Бұл аргумент «Әдіс туралы» пайымдауда баяндалған:

«Үшбұрышты бақылай отырып, мен оның үшінші бұрышы екі бұрышының қосындысына тең болуы тиіс екенін жақсы байқадым; алайда нақты дүниеде үшбұрыш бар деп кепілдік беретін



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 20. Құдай философиясы. Молинаның бәрін білу және еркіндігі туралы. Декарттың рационал теологиясы

ештеңені көрмедім. Басқа жағынан алғанда, жетілген тіршілік етуші туралы түсінігіме орала отырып, ол, үшбұрыштың бұрышы идеясы өзіне оның үш бұрышының қасиеті екі тікбұрыштың қасиетімен бірдей екені сияқты, осындай тіршілік етушінің өмір сүруін қамтитынына көзім жетті... яғни жетілген тіршілік етуші Құдайдың бар немесе жоқ екенін туралы сұрақты геометрияның кез келген дәлелдемесі арқылы қарастыруға болатынына сенімдімін».

Осы ойын бесінші Пайымдауда дамыта отырып, Декарт Құдайды ең жоғарғы жетілген тіршілік етуші ретінде қарастыра отырып, Құдайдың табиғатына мәңгілік өмір сүру тән екенін айқын да анық түсінетінін айтады. Құдайы мәннің өмір сүруінің ақиқаттығы – Евклидтің үшбұрышының бұрыштарының ақиқаттығымен бірдей. «Құдайды (яғни ең жоғары жетілген тіршілік етушіні) өмір сүрмейді деп ойлау жазықтықсыз төбе (яғни ылдисыз тау) туралы ойлау секілді абсурдты.

Осы аргумент Құдайдың бар екендігі хақында қарапайым сауал еместігін көру үшін біз Декарт Платонның нақты дүниеден де, ақыл-ой дүниесінен де тәуелсіз тіршілік етушілер дүниесіне сенгенін есімізге түсіруіміз керек. Мен үшбұрышты елестеткенімде осындай фигура менің ойымнан тыс еш жерде өмір сүрмеуі мүмкін; бірақ оның белгілі бір табиғаты, мәні, формасы бар және олар мәңгілік, тұрақты. Бұл ойдан шығарылған нәрселер емес және менің ойымнан тәуелсіз. «Дүниеде үшбұрыш бірдеңе бар ма, жоқ па, оған қарамастан, үшбұрыштар туралы теоремаларды дәлелдеуге болады, яғни Құдайдың бар немесе жоқ екендігіне қарамастан, ол туралы теорияларды абстракцияда құрастыруға болады. Осындай теориялардың бірі – Құдайдың жетілген тіршілік етуші екені, яғни бүкіл жетілгендікті бойына жинағандығы. Алайда бар болудың, өмір сүрудің өзі – жетілгендік; яғни бүкіл жетілгендік бойында бар Құдай өмір сүруі тиіс.

Бұл аргументтің әлсіздеу тұсы – «өмір сүрудің өзі – жетілгендік» деген тұжырым. Осыны Пайымдауларға қарсы бес пікірдің авторы Пьер Гассенди қолданды. «Құдайда да, басқа ештеңеде де жетілгендік жоқ, онсыз жетілгендік болмайтын нәрсе ғана бар... Өмір сүру жетілгендік секілді нәрседе бар деуге болмайды; егер де затқа тіршілік ету жетіспесе, онда бұл жәй ғана жетілмегендік немесе жетілгендіктің жоқтығы емес, бұл тіпті ештеңе емес». Декартта бұл қарсы пікірге сенімді жауап болмады, ақырында оны Иммануил Кант пен Готлиб Фреге әбден ығыстырды.

Декарт заманындағы континенталдық философтарды Құдайдың бар болуы туралы көз-қарастары бойынша екі бағытқа бөлуге болады. Блез Паскаль дәлелдемелер іздеуден бас тартты: біздің өзіндік ақыл-ойымыздың шектелгендігі және қисынсыздығы соншалық, мұндай кез келген талпыныс бос әурешілік болып шығады. Паскаль мұны дәлелдеудің жоқтығына сендіретін еркін пайымдаулар жасаумен алмастыруға танбастан шақырды. Басқа жағынан алғанда, Барух Спиноза онтологиялық аргументтің өзі бұрын-соңды жасамаған, мұқият ойластырылған өзіндік нұсқасын ұсынды.

Паскаль ақыл-ойдың табиғи сәулесінің көмегімен біз Құдайдың не екенін танып-білмек түгілі, Құдайдың өмір сүретіндігін білуге де қабілетсізбіз деп мойындайды. Алайда Құдайға сенетіндерге көмекші құрал бар. Ол Құдайға сенбейтіндерге былай дейді:

Құдай бар немесе жоқ. Біз қай жағына шығамыз? Бұл жерде ақыл-ой ештеңені анықтай алмайды. Біздің шексіз шыңырау бөліп тұр және осы шексіз қашықтықта талай бастар немесе құйрықтар құрдымға кететін ойын басталады. Сен қайсысын қалайсың?

Құдайға сенетін сіз, мүмкін, ешқандай бәс тікпеді қалайтын шығарсыз. Бірақ қашып құтыла алмайсыз: ойын басталып кетті және бәс тігіп, таңдауларын жасап қойған. Ақыл-ой қаншалықты көрсеткендей, екі жақтың да мүмкіндігі бірдей. Бірақ ақырғы нәтиже әртүрлі. Айталық, сіз Құдайдың бар екеніне өміріңізді тігесіз. Жеңіске жетсеңіз, Құдай бар және шексіз бақытқа ие боласыз; жеңілсеңіз, Құдай жоқ және сіз ештеңеден ұтылмайсыз, яғни Құдайды таңдау – жақсы іс. Бірақ бәске қандай соманы тігуіміз керек? Егер де сізге қазіргі өміріміздің орнына бақытты үш өмір ұсынылса, ойлануға болар еді. Алайда сізге ұсынылып тұрған – жәй ғана үш өмір емес, үш мәңгілік бақыт. Сондықтан ұтыс тартымды болуы тиіс. Біз Құдайды таңдау елу де елуге тең деп болжаймыз. Бірақ бұл дүниедегі өмірдегіден гөрі ішкі бақытымыздың ұлылығы соншалық, Құдайды бар екендігіне бәс тігу – жеңіске жету мүмкіндігі зор болғанда күннің өзінде де әлі де шектелген таңдау екені туралы мығым болжам болып саналады.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 20. Құдай философиясы. Молинаның бәрін білу және еркіндігі туралы. Декарттың рационал теологиясы

Паскальдің Құдайдың бар екені туралы пікір айту дұрыс емес деген болжамы шын болғаны ма? Теизмнің де, атеизмнің де сенімді дәлелдері болмағанда бәс тігуден бас тартқан агностиктің ұстанымы рационал болып саналады емес пе? Паскаль мұны Құдайға қарсы бәс тігу деп тұжырымдайды. Бізге қарғыс жіберемін деп қорқыта отырып, оған сенуді өсиет еткен Құдай іс жүзінде өмір сүрсе, осылай болғаны: бірақ бұл талқылаудың бастапқы нүктесі емес, қорытындысы болуы тиіс.

Өз өмірін Құдайдың бар екеніне бәске тігу дегеніміз не? Паскаль мұны янсенистің қатаң өмір салтын ұстану деп түсінді. Алайда ақыл-ой ғана бізге Құдай туралы ештеңе айта алмайтын болса, дәл осындай өмірге мәңгілік бақыт ұсына алатынына біз қалай сенімді бола аламыз? Мүмкін, бізді Құдайдың ғана емес, янсенистік құдайдың бар екеніне бәс тігуге шақырып тұрған шығар? Бұлай болғанда, ойын – екі мүмкін бәс тігу ғана бар ойын емес: біреулер бізден иезуит Құдайына немесе Кальвин Құдайына, немесе, ислам Құдайына бәс тігуді өтінуі мүмкін. Паскальдің дана апологетигі өзінің міндетін атқара алмады; бірақ ол оның ақиқаттығының дәлелі болып саналатын себептермен мүлдем байланыссыз болжамға сенуге негіз бар екеніне назар аударады. Бұл болжамды кейінгі дін философтары Серен Кьеркегор мен Джон Генри Ньюман мұқият ойластыра отырып, дамытты.

Басқа жағынан алғанда, Спиноза бәс тігуге құмар адам емес еді: оған мүмкіндігінше қысқа да қатаң аргументтер ұнайтын. Оның пікірінше, Құдайдың бар екені Евклидтің тұжырымдарының ақиқаттығы сияқты соншалықты қарапайым. Осыны көрсету үшін ол өзінің Этикасының бірінші кітабында баяндалған онтологиялық аргументінің нұсқасын ұсынды.

Осы кітаптағы он бірінші тұжырым мынадай: «Әрқайсысы мәңгілік және шексіз мәнді бейнелейтін шексіз атрибуттардан тұратын Құдай міндетті түрде өмір сүреді». Құдайдың бұл анықтамасы кітаптың басында баяндалған анықтамалар топтамасының алтыншысынан туындайды.

Он бірінші тұжырымның дәлелдемесі абсурдқа дейін қысқарту болып саналады: егер де мұны терістейтін болсаңыз, қолыңыздан келсе, Құдай жоқ деп ойлаңыз. Сондықтан (жетінші аксиома бойынша) оның мәні ол өмір сүріп отыр дегенді білдірмейді. Бірақ бұл (жетінші тұжырым бойынша) – абсурд. Сондықтан Құдай міндетті түрде бар. Дәлелдеу тиіс нәрсе – осы еді.

Спинозаның табиғи теологиядағы жаңалығы – Құдайды табиғатпен теңестіруінде. Бұл термин келесі жүзжылдықта пайда болса да, оның «теизмін» «Құдай – бәрі» және «Бәрі – Құдай» деп түсінетін ілім – «пантеизм» деп атауға болады. Бірақ оның жүйесіндегі басқа да кез келген элемент сияқты, «табиғат» – нәзік ұғым. Бруно сияқты, Спиноза да *Natura Naturans* (сөзбе сөз айтқанда, табиғи табиғат, «белсенді табиғат») және *Natura Naturata* (кеңпейіл табиғат, «енжар табиғат») деп бөліп қарастырады. Біртұтас Құдайы субстанцияның шексіз атрибуттары белсенді табиғатқа жатады; шектелген тіршілік етушілерді құрастыратын бірқатар түрлер енжар табиғатқа қатысты. Ғаламның бейнесін қалыптастыратын шектелген тіршілік етушілердің Құдайсыз өмір сүре алмайтындығы немесе жаратылмайтындығы сияқты, Құдай да болмыстың осы әрбір жіптерінсіз өмір сүре алмайды. «Ең бастысы, – дейді бізге, – интеллект пен ерік белсенді табиғатқа емес, енжар табиғатқа тән, яғни Құдай, иудейлер мен христиандар сенгендей, жеке адамның Құдайы емес».

Бұл бізді Құдай жақсы көрмейді дегенді білдіре ме? Көргеніміздей, Спиноза Құдайға деген интеллектуалдық махаббат – адам қызметінің ең жоғары формасы деп санады. Алайда ол Құдайды сүйетін адам Құдай да мені жақсы көрсін деп талап етпеуі тиіс деп қайталаудан танбады. Шынында да, егер сізді Құдай сүйсін десеңіз, ол Құдай болудан қалсын деп талап етесіз деген сөз. Бірақ та Құдай өзін сүйеді және біздің Құдайға махаббатымызды оның өзіндік махаббатының көріністерінің бірі деп қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, Құдайдың адамдарға деген махаббаты адамның Құдайға интеллектуалдық махаббатымен бірдей.